

Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2023 жылғы 20 маусымдағы № 3 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 21 маусымда № 32871 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12- бабының 2 -2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Төрағасы

A. Иргалиев

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
2023 жылғы 20 маусымдағы
№ 3 бұйрығына
қосымша

Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағида) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 12-бабы 2-2) тармақшасына сәйкес өзірленді және ұлттық санақтарды жүргізу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2) арнайы құрылған комиссия – ұлттық санақты дайындауға және өткізуге байланысты ұйымдастыруышылық және нұсқаулық мәселелерін шешу үшін құрылған комиссия;

3) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өндеу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

3-1) бастапқы статистикалық деректер – статистикалық нысандарда алынған немесе тіркелген деректер;

4) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын, әкімшілік деректердің сапасын айқындайтын мемлекеттік орган;

5) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

6) респондент – статистикалық әдіснамаға сәйкес статистикалық байқау объектісі бойынша деректерді ұсынатын жеке немесе занды тұлға және оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері;

7) санақ персоналы – осы Қағидада белгіленген тәртіппен ұлттық санақ жүргізуға уәкілетті орган тартатын адамдар;

8) статистикалық нысан – статистикалық құжаттың бастапқы статистикалық деректерді белгіленген тәртіппен алуға немесе тіркеуге арналған қағаз немесе электрондық жеткізгіштердегі формуляры (бланк, есептілік нысаны, сұрақнама, сауалнама, санақ парагы және басқа да формулялар);

9) интервьюер – жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде респонденттер мен үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізууді жүзеге асыратын адам;

10) ұлттық санақ – халық санағы мен ауыл шаруашылығы санағын қамтитын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті орган статистикалық жұмыстар жоспарынан тыс жүргізетін арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқау;

11) халық санағы – белгілі бір уақыт кезіндегі жағдай бойынша респондентті сипаттайтын демографиялық, экономикалық және әлеуметтік деректерді жинау, өндөу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Ұлттық санақтарды жүргізу тәртібі

3. Ұлттық санақтар халық санағы мен ауыл шаруашылығы санағын қамтиды.

4. Ұлттық санақтар:

1) планшет немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдаланумен, бастапқы статистикалық деректер және/немесе статистикалық тіркелімдер және/немесе әкімшілік деректер негізінде санақ параптаратын толтырусыз немесе алдын ала толтырумен интервьюердің респондентке сауал жүргізуі арқылы санақ параптаратын толтыруы;

2) бастапқы статистикалық деректер және/немесе статистикалық тіркелімдер және/немесе әкімшілік деректер негізінде санақ параптаратын толтырусыз немесе алдын ала толтырумен, онлайн режимде интернет желісі арқылы электрондық түрде респонденттердің санақ параптаратын толтыруы арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Ұлттық санақ дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерді қамтиды.

6. Дайындық кезеңі 2 (екі) жыл ішінде жүзеге асырылады.

7. Дайындық кезеңінде уәкілетті орган мынадай іс-шараларды іске асырады:

1) ұлттық санақты жүргізу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

2) pilotтық санақты жүргізу тәртібін, санақ параптаратын, ұлттық санақты жүргізу жөніндегі әдіснамалық құралдарды әзірлеу және бекіту, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл туралы бірлескен актілерді әзірлеу және бекіту;

3) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту, ұлттық санақты жүргізуге арналған оқыту бағдарламаларын дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ санақ персоналына арналған оқыту семинарларын өткізуі ұйымдастыру;

4) тиісті мемлекеттік органдармен, комиссиялармен, санақ персоналымен бірлесіп халық арасында ұлттық санақты жүргізудің мақсаты мен тәртібі туралы жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5) санақ персоналын іріктеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олармен ұлттық санаққа қатысуға шарттар жасасу;

6) ұлттық санақтарды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес өтеулі қызметтер көрсету шарты бойынша интервьюерлер санын және олардың көрсетілетін қызметтерінің құнын есептеуді бекіту;

7) ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту және олардың жұмысын ұйымдастыру.

Ұлттық санақтарды тиімді жүргізу мақсатында санақ парақтарын сынау, жүргізуін ұйымдастыру мен алынған деректерді өңдеуді сынаудан өткізу, уәкілетті органның шешімі бойынша пилоттық санақ жүргізу арқылы облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы санағы субъектілерінің тізімдерін қалыптастыруы, нақтылауы, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынуы сияқты қосымша іс-шаралар өткізуі мүмкін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

8. Негізгі кезеңде уәкілетті орган мынадай іс-шараларды іске асырады:

1) алынған мәліметтерді санақ парақтарына енгізумен интервьюерлердің респонденттерге сауал жүргізуі;

2) сауал жүргізу аяқталғаннан кейін санақ персоналымың санақ парақтары деректерінің анықтығын және респонденттерді қамтудың толықтығын айқындау үшін кемінде 10 % қамтумен респонденттерді іріктемелі бақылап аралап шығуды ұйымдастыру;

3) интервьюерлердің респонденттен алған бастапқы статистикалық деректерді уәкілетті органға беруін ұйымдастыру;

4) санақ парақтары деректерінің түсініне қарай оларды ақпараттық жүйеге енгізуі ұйымдастыру.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

9. Қорытынды кезең 2 (екі) жыл ішінде жүзеге асырылады. Қорытынды кезеңде уәкілетті орган мынадай іс-шараларды іске асырады:

1) ұлттық санақ қорытындыларын шығару;

2) ұлттық санақ қорытындыларын жиынтық деректер түрінде қалыптастыру және жариялау.

10. Санақ параптерына негізгі сұрақтардан басқа өнірдің, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерделеу үшін қажетті қосымша сұрақтар қосылуы мүмкін.

Санақ параптерына жауптары мемлекеттік құпияларға, коммерциялық немесе заңнамамен қорғалатын өзге де құпияға жататын, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кемсітетін не бұзатын ақпараттан тұратын сұрақтарды енгізуге жол берілмейді.

11. Санақ параптеры уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылады.

12. Санақ параптерындағы мәліметтерді өндеу оларды рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғау және оларды ұрлау, жоғалту, қолдан жасау немесе өзге де бұрмалауларға жол бермеуді қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады.

13. Санақ параптерына жазбалар респонденттер құжаттамалық растаусыз ауызша немесе жазбаша хабарлайтын мәліметтер негізінде жүргізіледі.

Егер респондент ұлттық санақ кезеңінде сауалнама жүргізу кезінде болмаған жағдайда немесе одан мәліметтер алу мүмкін болмаған жағдайда, онда деректерді өндеу процесінде олар бойынша жазбалар әкімшілік деректердің және/немесе қолда бар бастапқы статистикалық деректердің және/немесе статистикалық тіркелімдердің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Санақ параптерындағы респонденттен алынған бастапқы статистикалық деректер тек статистикалық мақсаттар үшін пайдаланылады және Заңға сәйкес таратылады.

Ұлттық санақты жүргізу кезінде респонденттерден алынған бастапқы статистикалық деректер құпия болып табылады және Заңның 8-бабының 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қоспағанда, респонденттің келісімі болған кезде ғана таратылуы мүмкін.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Санақ параптерында көзделмеген бастапқы статистикалық деректерді жинауға жол берілмейді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық санақтарды жүргізу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді уәкілетті органға

, сондай-ақ өкілеттіктерін анықтай отырып, арнайы құрылған комиссияға жүктеуі мүмкін.

3-тарау. Ұлттық санақтарды жүргізу кезеңділігі мен мерзімдері

17. Ауыл шаруашылығы санағы – он жылда бір реттен кем емес, ал халық санағы әлемдік санақтардың кезекті раундина орайластырылған мерзімдерде жүргізіледі.

18. Үәкілетті органның ұсынысы бойынша санақтарды жүргізу мерзімдері мен ерекшеліктерін, оның ішінде санақтың қанша уақыт өткізілетінін көрсете отырып, ұлттық санақтарды жүргізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

4-тарау. Ұлттық санақтардың қорытындыларын шығару және оларды жариялау

19. Ұлттық санақтарды жүргізу кезінде алынған бастапқы статистикалық деректерді үәкілетті орган өндейді.

Ұлттық санақты жүргізу кезінде алынған қағаз жеткізгіштердегі бастапқы статистикалық деректер ұлттық санақтардың қорытындылары ресми жарияланған сәттен бастап кемінде бір жыл сақталады. Бастапқы статистикалық деректері бар электрондық жеткізгіштер кемінде елу жыл сақталады.

Ұлттық санақтардың қорытындылары электрондық жеткізгіште ресми жариялануға тиіс.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 05.03.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.